4 – ДӘРІС

ҒЫЛЫМ ТАРИХЫ МЕН ФИЛОСОФИЯСЫНДАҒЫ ҒЫЛЫМИ БІЛІМ МӘСЕЛЕСІ

МАҚСАТЫ

Ғылыми білімнің теориялық құрылымы мен зерттеу обьектісін анықтап, ғылыми білім алудың ролі мен маңыздылығын философиялық тұрғыдан талдап көрсету.

ЖОСПАР

1. Ғылыми білімнің ерекшелігі.
2. Ғылыми білім алудың маңыздылығы.
3. Ғылыми білімнің танымдық әдіснамасы.

ҒЫЛЫМИ БІЛІМ БЕРУДІҢ ТЕОРИЯНЫҢ НЕГІЗДЕРІ

Ғылым - тек білімнің, фактілердің және т.б. жиынтығы ғана емес ол сондай ақ, қоғамның мәдени-әлеуметтік маңызды құбылыстарының бірі.

Ғылым философиясы тарихи өзгеретін әлеуметтік-мәдени астарда қарастырылатын және олардың тарихи дамуында алынған ғылыми білімдерді өндіргіш қызмет ретінде жалпы заңдылықтарды және ғылыми танымның тенденцияларын қарастырады.



elohov.ru/wp-content

elohov.ru/wp-content

ТЕОРИЯНЫҢ ҚОСЫМША НЕГІЗДЕРІ



elohov.ru/wp-content

Біріншіден, әр түрлі табиғи салалар мен әлеуметтік әлемдегі ізденулерді ынталандырады;

Екіншіден, білім дамуының кең көлемді ауқымына ие;

Үшіншіден, білімге қол жеткізу жолдары, әр түрлі объектілерді игеру формалары мен тәсілдері туралы ақпаратты шоғырландырады;

Төртіншіден, зерттеушілердің назарын болашағы жоқ, тығырыққа тірелер жағдайларға аудара отырып, ғылым адасулар мен қателіктерге алып келетін ойлар мен гипотезалардың пайда болу мүмкіндігінен сақтандырады.



elohov.ru/wp-content

ҒЫЛЫМИ БІЛІМ ТУРАЛЫ АЙТЫЛҒАНДА

Біріншіден, ол жаңа ғылыми білімдерді алу қызметі

Егер күнделікті тұрмыста білім тек практикалық мақсаттарға жетудің құралы болса, ғылыми білімде сол білімдерді алу негізгі мақсат болып табылады.

Екіншіден, ғылыми-зерттеу қызметі арқылы алынған білімдер

Ғылыми білімдердің жиынтығы ұғымдық формада көрінеді, оның эмпирикалық және теориялық негізделуін қажет етеді, сынауға қол жетімді болуы да маңызды, шындық пен ақиқатқа бағдарланған болуы тиіс.

Үшіншіден, білімдерді өңдеумен шұғылданатын әлеуметтік институт

Әлеуметтік институт ретінде ғылыми қоғамдастықтарды, мекемелерді, кезекті ғылыми басылымдарды, ғылыми конференция, ғылымға қатысты мәселелерін қамтамасыз ету басты мәселе.

БІЛІМДІ ТЕК ЖЕКЕ БІЛІМ ДЕП ТҮСІНУ – ҚАТЕ

Ғылыми білімнің құрылымында жаңалықтар да ерекше рөл атқарады. Ғылыми субъект парадигма-дәстүрлерді басшылыққа алып қана қоймай, оларды жаңалықтармен үнемі толықтырып отыруы тиіс.

https://img.freepik.com/premium-psd/3d-science-day-micronesia-flag-rendering-left-view_391890-16206.jpg

ҒЫЛЫМИ БІЛІМДЕРДІҢ ҮШ БАҒЫТЫ

- зерттеу пәні қоғам болып табылатын әлеуметтік бағыт;

- халықтың еңбегін, меншіктік қатынасты, қоғамдық өндірісті, айырбасты, таралуды және осыларға негізделген қоғамдық қатынастарды зерттейтін экономикалық бағыт;

- сонымен бірге мемлекеттік-құқықтық құрылымдарды және қоғамдық жүйелердегі қатынастарды пәні ретінде қарастыратын мемлекеттік-құқықтық білімдер бағыты.



elohov.ru/wp-content



elohov.ru/wp-content

ҒЫЛЫМИ – БІЛІМНІҢ ФУНКЦИЯЛАРЫ



elohov.ru/wp-content

-түсіндіру ;

-жүйелеу;

- болжам;

-суреттеу;

-қорытынды жасау;

- жаңалық ашу;

-өндірістік–тәжірибелік бағыт беру;

ҒЫЛЫМИ ТАНЫМ ӘДІСНАМАСЫ

Ғылыми таным әдіснамасы - ғылыми-танымдық әрекеттің тәсілдері мен формалары, құрылу қағидалары туралы ілім.

Ғылым әдіснамасының мақсаты ғылыми білім алумен, зерттеу кезеңдерін суреттеу мен талдау, ғылым тілін сараптау, жеке тәсілдер мен әдістердің қолданылу аймағын анықтау, зеттеу қағидаларын, тұрғыларды, тұжырымдамаларды талдау.



elohov.ru/wp-content



elohov.ru/wp-content

ҚОРЫТЫНДЫ

1. Ғылымды қоғамдық сананың формасы ретінде түсіну және ақиқат туралы нақты білім беретін мәдениет сферасы ретінде қарастырған жөн. 2. Ғылыми білімнің пайда болуының формалары туралы мәселелер әліде зертеулерді қажет етеді. 3. Қоғам мәдениетінің әркелкілігіне байланысты бір мәдени-тарихи біртұтастықтың шеңберінде бірнеше ғылыми білім бағдарламалары қалыптасып дамып отырады.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Алтаев Ж.А. Ғылым тарихы мен философиясы. Толықтырылып, өңделген.А.,2011.
2. Алтаев Ж.А, Байтенова Н.Ж,т.б. Ғылым тарихы мен философиясы А., 2009 ж.
3. Ібжарова Ш.А., Зәурбекова Л.Р. Ғылым тарихы мен философиясы: Оқу құралы – 2-ші басылым / Қазақ ұлттық аграрлық университеті. – Алматы, 2010. – 189 б.
4. Хасанов М.Ш., Петрова В.Ф., Б.А. Джамабева Ғылым тарихы мен философиясы, Алматы, Қазақ университеті, 2015.
5. Степин В.С. История и философия науки: Учебник. М.,2018

ИНТЕРНЕТ–РЕСУРСТАРЫ

1. https://platona.net
2. https://www.google.com